QYZYLJAR NURY

Petropavl qalalyq qoğamdyq-saiasi gazetı

№12 (1113)
27 nauryz 2026 jyl

Gazet 2005 jyldyñ 1 qañtarynan shyğa bastady

"kzlgar_n@mail.ru"

ҚАУІП ҚАЙДАН ДЕМЕҢІЗ...

Петропавлда су басу қаупі туындаған жағдайда жедел әрекет ету үшін Жұмысшы кенті мен Бірлік шағынауданында жедел штабтар құрылды. Облыстық әкімдіктің мәліметіне сүйенсек, бұл шағынаудандарда еріген қар суы тұрғындарға қауіп төндіруі мүмкін. Қазіргі уақытта тиісті қызметтер күшейтілген режімде жұмыс істеп жатыр.

– Қар шығару, көріз жүйелері мен арықтарды тазалау жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Бүгінгі күнге дейін облыс орталығынан шамамен 900 мың текше метр қар шығарылды. Қазіргі уақытта жұмысқа 200-ге жуық арнайы техника, 100-ден астам мотопомпа, 30 ассенизаторлық техника және 350-ден астам адам, оның ішінде еріктілер, әскери қызметшілер мен коммуналдық қызмет мамандары жұмылдырылған, – деді облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов.

Жұмысшы кенті мен Бірлік шағынаудандарында су тасқынына қарсы құрылған штабтар тәулік бойы жұмыс істеуде. Басты мақсат – жеке тұрғын үйлерді су басуына жол бермеу және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Сонымен қатар өңір басшысы аудан әкімдерімен және облыстық төтенше жағдайлар департаментімен бірлесіп, су тасқыны қаупі бар аумақтарға аэровизуалды мониторинг жүргізді. Әуеден өңірдегі гидрологиялық ахуал жан-жақты бағаланып, қардың еру барысы барысы сараланды.

Синоптиктердің болжамы бойынша, 25 наурыздан бастап ауа температурасының көтерілуіне байланысты карт күрт еріді. Осыған орай барлық жауапты қызметтер күшейтілген режімде жұмыс істеуде. Бүгінде облыста әскери қызметшілер бөгеттер мен қорғаныстарды нығайтуда. Петропавл қалалық әкімдігі қазір Алматы облысынан келген 100 әскери қызметші тасқынның алдын алуға белсенді қатысып жатқанын айтты.

– Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты Бауыржан Момышұлы атындағы 28237 әскери бөлімінің қызметшілері екі топқа бөлініп жұмыс істеп жатыр. Елу адам Петропавлдағы Заречный кентінде, қалғаны Қызылжар ауданында су тасқынына қарсы іс-шараларға қатысуда. Өзімізбен бірге 80 техника әкелдік, соның ішінде жүзу құралдары, мотопомпалар бар, — дейді батальон командирі Жасұлан Хамитов.

Әкерке ДӘУРЕНБЕККЫЗЫ.

Петропавл қаласында «Soltüstık Qazaqstan» газетінің 105 жылдық мерейтойына арналған «Мағжаннан басталған жол» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оқушылар сарайындағы алқалы жиынға Президенттің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов, алыс-жақыннан келген белгілі ғалымдар, журналистика саласының ардагерлері мен оқырмандар қатысты.



ҒАСЫР ҮНІ

Адам жанын қанаттандыратын ақжарма тілектер ақтарылып, атауы қанша рет өзгерсе де, ұлт, ел, тіл мүддесі жолында алалдығынан айнымаған берік ұстанымы жайлы небір сырлар шертілді.

Алқалы жиын басталмас бұрын конференция қатысушылары газет тарихына арналған көрмені тамашалады. Оған өткен жылы ашылған редакция музейінің жәдігерлері қойылды. Өңір шежіресін сағаттың тіліндей дәл бағамдап, қарасөзбен кескіндеген басылым «Кедей сөзі» деген атпен шығып, кейін «Бостандық туы», «Кенес ауылы», «Ленин туы», «Солтүстік Қазақстан» болып атауы бірнеше рет өзгерген. Көрмеге қойылған әр жәдігер – газеттің 105 жылдық тарихынан сыр шертетін құнды заттар.


3

»» БҮГІНГІ НӨМІРДЕ



АУЫЛДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ БІР БАЛАСЫ

5



ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Көктемнің келуімен бірге табиғат түлеп, тіршілік жаңаратын шақта тойланатын Наурыз мейрамы – ел бірлігін ұйыстырып, ұлттық құндылықтарды жаңғыртатын айрықша мереке. Биыл 22 наурыз күні қала тұрғындары мен қонақтары басты алаңға жиналып, Ұлыстың ұлы күнін кең көлемде, ерекше сән-салтанатпен қарсы алды. Таңертең басталған мерекелік думан кешке дейін жалғасып, қала тұрғындары мен қонақтарына шаттық пен көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

2

Петропавл қаласында «AYUL FEST. Қаз шаруашылығы – 2026» атты II халықаралық этнофестивалі өтті. Бұл іс-шараның басты мақсаты – ауылдық жерлерде тұратын тұрғындардың кірісін арттыру, жаңа кәсіп бастауға жол ашу және қаз шаруашылығы саласындағы заманауи тәжірибелермен бөлісу.

ТИІМДІ КӘСІП

Фестивальді облыс әкімдігі мен «Ауыл» партиясы бірлесіп ұйымдастырды. Іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Қанат Дүзелбаев қатысты. Алқалы жиынның теріскейде өткізілуі кездейсоқ емес. Өйткені облыста 10-нан астам құс фабрикасы жұмыс істейді, онда жыл сайын жарты миллиард жұмыртқа мен 8 мың тонна ет өндіріледі.

Фестивальге әлемнің әр түкпірінен арнайы шақырылған сарапшылар қатысып, жергілікті кәсіпкерлерге қаз шаруашылығының тиімді жолдары мен инновациялық әдістері туралы кеңінен ақпарат берді. Арасында қаз өсіріп, мол табысқа кенелген тәжірибелі кәсіпкерлер де болды. Солардың бірі Жанна Гайнулина өз тәжірибесімен бөлісті.

– Қаз өсіру – өте тиімді кәсіп. Мен 15 жылдан бері қаз өсіремін. Қазіргі уақытта жергілікті тұрғындарға қазды қалай өсіру, оған қандай күтім көрсету керек екенін үйретіп жүрмін. Қазға арнайы дәнді дақылдар беріп, дер кезінде вакцинация жүргізу өте маңызды, – деді Жанна Гайнулина.

3

ӨМІРДІҢ ШУАҒЫ

«Ана – өмірдің шуағы» деп текке айтпаған. Өйткені ол тіршіліктің бастауы, шексіз махаббат пен мейірімнің иесі. Отбасының берекесін келтіріп, бауыр еті баласы үшін кез келген құрбандыққа баратын әр ана құрметке лайық. Балаларын бағып-қағып, тағдырдың сынағына мойымай келе жатқан көпбалалы аналардың бірі – Айнұр Алтаева.




Жалғызбасты ана Петропавл қаласында тұрады. Ол – Түркістан облысының тумасы. Балаларының болашағы үшін 2019 жылы Аққайың ауданына көшіп келді. Кейін облыс орталығына қоныс аударған.

– Көпбалалы ана ретінде балаларды жеткізу оңай емес екенін айтамын. Бірақ өтпелі кезеңнің қиындығына мойымай, жарқын болашақтан үміт үзбеу керек. Әйел – қоғамның тірегі, отбасының ұйытқысы. Сондықтан әрбір ана мықты, қайратты, жігерлі болуы тиіс. Бұл отбасы үшін маңызды. Мен бақытты анамын. Үш қызым, бес ұлым бар. Тұңғышым тұрмыс құрып, өмірде өз орнын тапса, кенжем балабақшаға барады. Ана үшін әр баланың өз орны бар. Жалғыз өзім ұл-қыздарымның өсіп-өніп, ел қатарлы ғұмыр кешуіне қолымнан келгенше жағдай жасаудамын. Балаларым саналы, тәрбиелі, білімді болса, одан басқа бақыт бар ма? – дейді Айнұр Жаманханқызы.

«Алтын алқа» иегерінің айтуынша, отбасының ынтымақ-бірлігі нақты әрекетке негізделеді. Балаларының бауырмал, бір-біріне қамқор болып өсуі үшін отбасындағы татулыққа, өзара түсінікте өмір сүруге айрықша мән береді. «Анам он құрсақ көтерген. Бауырларыммен тығыз қарым-қатынастамын. Біріміз бәріміз, бәріміз біріміз үшін өмір сүріп келеміз. Бес күн жалған дүниеде бауырларыңмен етене жақын болғанға ештеңе жетпейді», – деді Айнұр Алтаева.

Көпбалалы ана болу – нағыз ерлік. Жалғыз өзі балаларына бас-көз болып отырған Айнұр Жамалханқызы ұл-қызын адал еңбекпен жеткізуде. Тағдырдың сан түрлі сынағына жасымай, балаларын бақытына балаған алтын құрсақты ана ұрпағының болашағынан үлкен үміт күтеді.

Самрат ҚҰСКЕНОВ.



САЛТ-ДӘСТҮР ДӘРІПТЕЛДІ

Балабақшадағы тәрбие біртұтас болуы керек, яғни тәрбиешілердің жұмысы мен оқу материалдары балаларға тек білім беріп қана қоймай, олардың адамгершілік және патриоттық қасиеттерін дамытуға бағытталуы тиіс. Әртүрлі іс-шаралар, мерекелер мен экскурсиялар арқылы туған жерге, елдің мәдени мұрасына құрмет қалыптастыру өте маңызды.

Жуырда «Алпамыс» бөбекжайбақшасында қазақ халқының салт-дәстүрлерін дәріптеуге бағытталған тағылымы мол іс-шара ұйымдастырылды. Басты мақсаты – жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру.

Іс-шара барысында халқымыздың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлері кеңінен насихатталды. Соның ішінде бала тәрбиесінде ерекше орын алатын тұсаукесер рәсімі көрсетіліп, оның мән-мағынасы түсіндірілді. Бұл дәстүр – баланың өмір жолына ақ тілек білдірудің, оның болашағына бағыт-бағдар берудің жарқын көрінісі.

Мерекелік іс-шараға «Әжелер клубының» мүшесі Рауза Жұматаева және қамқоршылық кеңесінің төрағасы Әнуар Бердібекұлы қатысып, ұлттық тәрбиенің маңыздылығы туралы өз ойларымен бөлісті. Қонақтар бүлдіршіндерге ақ баталарын беріп, олардың жарқын болашағына ізгі тілектерін арнады.

Мерекелік бағдарлама аясында балалар өз өнерлерін көрсетіп, ән айтып, би биледі. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып қана қоймай, ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыра түсті. Осындай мазмұнды іс-шаралар арқылы «Алпамыс» бөбекжайбақшасының ұжымы ұлттық тәрбиені жүйелі түрде жүзеге асырып, жас ұрпақтың санасына салт-дәстүрдің маңызын сіңіруде. Себебі ұлттық тәрбие – әрбір баланың тұлғалық қалыптасуының негізі, ал оның бастауы балабақшадан қалануы анық.

Анар ЗИЯДИНА.

ТҰЛҒА ТӘРБИЕСІ

Қазақ халқының салт-дәстүрінде тұңғыш немерені ата-әжесінің бауырына салу ежелден қалыптасқан. Атасы мен әжесінің тәрбиесінде өскен балалар «кемпірдің қызы», «шалдың баласы» атанып, ерекше мәртебеге ие болған. Бұл дәстүрдің тәрбиелік мәні зор.

Ата мен әженің қолында тәрбиеленген бала әдетте ақылды, зерек, байқампаз болып өседі. Тілі ерте шығып, сұрақтарына жауап алу арқылы дүниеге деген қызығушылығы артады.

Бұрын ата-әжелер немерелеріне ертегі айтып, жұмбақ шештіріп, ұлттық тәрбиенің негізін қалаған еді. Бірақ бүгінгі күні заманның өзгеруіне байланысты мұндай тәрбие азайып, балаға ықпал етудің басқа әдістері басымдыққа ие болуда. Дегенмен дәстүрді сақтай отырып, баланың психологиялық саулығын ескеру – қазіргі заманның басты талабы. «Тұңғыш немерені» шектен тыс еркелету баланы өзімшілдікке тәрбиелейді. Балаға көрсетілген ерекше махаббаттың да кемшіліктері бар. Бала ата-әжесіне тәуелді болып, ата-анасынан ажырайды. Бұл психологиялық тұрғыдан кішкентай балада күйзеліс тудырады. Өсе келе бала әке-шешесінің мейірімін сезінбей, қарым-қатынаста қиындықтар орын алады.

Тағы бір мәселе – баланың есейгенде әке-шешесіне қайта ораluы. Сол кезде психологиялық күйзеліске ұшырайды. Бұрынғы тәрбиеге үйренген оған ата-анасымен қарым-қатынас орнату қиынға соғады. Бұл оның эмоциялық дамуына кері әсер етуі мүмкін. Ата-әжесі өмірден өткен жағдайда үлкендердің қолында тәрбиеленген балаға бұл ауыр соққы. Көбінесе осындай жағдайда бала түйықталып калуы мүмкін.

Сондықтан психологиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, бала ата-анасымен бірге болуы керек. Әкенің тәрбиесі мен ананың мейірімін бойына сіңіріп өскен бала жаман болмауы тиіс. Балаға меншік ретінде қарамай, тұлға тәрбиелеуге назар аудару керек.

Гүлмира ТІЛЕГЕНҚЫЗЫ,
психолог.

Воспитательное значение наурыз мейрамы для детей

Сегодня одной из самых актуальных проблем является воспитание в детях патриотизма. На современном этапе жизни нравственно-патриотическое воспитание актуально всегда, но сегодня, когда ощущается гиперактивное влияние различной информации на психику ребенка, представляется важным сформировать основу для социальной модели поведения личности, где национальные, исторические и культурные ценности будут для ребенка платформой гражданственности и осознанием своей роли в судьбе своего народа и Отечества. Дошкольные образовательные учреждения - это самое первое звено системы образования.







Первые чувства гражданственности и патриотизма. Доступны ли они малышам? Именно в период дошкольного возраста происходит приобщение детей к национальным ценностям и формирование предпосылок к успешному нравственно-патриотическому воспитанию. Существуют три уровня приобщения: - ближайшее семейное окружение;

- контактный коллектив дошкольной организации;

- удовлетворение потребности в общении по интересам в социуме.

Так, накануне празднования весеннего праздника Наурыз мейрамы в детском саду «Алпамыс» мы, родители дошкольников, видим, как возрождаются педагогические традиции семьи, которые передавались из поколения в поколение.

Наурыз - бұл ежелгі дәстүр бойынша Жаңа жылдың басталуы ғана емес, бұл сонымен бірге таңғажайып көктем мерекесі, табиғаттың қайта түлеп, қайта жаңғыруы.

В детском саду прошел ряд мероприятий с участием старшего поколения, например, конкурс «Асыл әжелер». Қазақ халқының ұмыт болып бара жатқан салт - дәстүрді жаңғырту бәріміздің ең басты ұрпағы - немерелеріне тәрбие беру мәселесі жайында ойларын ортаға салды. Балаларды имандылыққа, ізгілікке, қайырымдылыққа, төзімділікке, үлкенді сыйлауға, құрметтеуге өз үлестерін қосты.

Для дошкольников были организованы тематические беседы «Ағаның ұлы емес, халықтың ұлы», «Отанды сүю отбасынан басталады»; посетителям детского сада была представлена выставка юрты с атрибутами, где каждый смог попробовать национальное блюдо «Наурыз көже»; воспитанницы, как будущие хозяйки, приготовили национальное блюдо - баурсаки, прошел конкурс для педагогов «Көктем әруы».

Хочется поблагодарить заведующую М.К. Сабитову и весь коллектив яслей-сада «Алпамыс» за то, что с малых лет прививают детям любовь к Родине, ее обычаям и традициям, истории, «вчерашней» и «сегодняшней».

Исходя из вышесказанного, как родители дошкольников, мы понимаем необходимость опираться на исторический опыт образования и воспитания детей в нашем многонациональном Казахстане, богатом народными традициями разных народов и этнических культур. В условиях толерантности и взаимного уважения к историческому наследию своих предков опора должна быть сконцентрирована на духовности и нравственности в воспитании патриотических свойств личности.

Вспоминаются великие слова писателя Габита Мусрепова: «Бүгінгі бүлдіршіндерді ең болмаса «қазақ халқының «тура биде туған жоқ» деген даналығының рухында тәрбиелейік».

Родители средней группы яслей-сада «Алпамыс»